№37
(7774)

17 қыркүйек,
Сейсенбі,
2019 жыл.

uil-gazet@mail.ru

ОЙЫЛ

аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1930 жылдың қараша айынан бастап шығады.

Жолдау

# АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫ ЖОЛДАУҒА ҚОЛДАУ БІЛДІРДІ



Осыдан тура бір аптадай уақыт бұрын Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына алғашқы Жолдауын жолдады. Осы орайда өткен аптада Елбасының Жолдауын халыққа кеңінен түсіндіру мақсатында аудан орталығынан арнайы ақпараттық-насихаттық топ құрылып, ауданға қарасты ауылдық округтерге кезекті іссапарын бастады.

Аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев бастаған ақпараттық-насихаттық топ Сарбие, Қараой ауылдық округтерінде болып, ауыл тұрғындарымен кездесу жиынын өткізді.

Алдымен әлеуметтік нысандарды аралаған аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Болатұлы шалғай жатқан қос ауылдың да тыныс-тіршілігімен танысты. Онда бірқатар мекеме басшылары Жолдау аясында аудандық ауыл шаруашылығы және кәсіпкерлік бөлімі басшысының орынбасары Ақмарал Есбатырова шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту және мемлекеттік бағдарламалар арқылы жеңілдетілген несиелер алу жолдары мен шарттарын түсіндірді. «Қарапайым заттар экономикасы», «Бизнестің жол картасы - 2020» сынды мемле-кеттік бағдарламалар кәсібін кеңейтемін дегендерге өте тиімді екенін ашық жеткізді. Ал, аудандық кірістер басқармасының басшысы Берік Майланов кәсібін жаңадан бастаған-дар үшін үкімет тарапынан үш жылға дейін тексеру жүргізілмей жеке табыс салығынан босатылатындығын айта отырып, жер, мүлік, көлік, жеке табыс салықтары бойынша қосымша мәлімет берді.

Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Бекболат Иманғалиев атаулы әлеуметтік көмек бойынша өзгерістер жөнінде кеңінен тоқталды. Бекболат Жонысұлының айтуынша отбасына келіп түсетін табысты жасыруға болмайды.

Егер отбасына кіретін кірісті жасырған жағдайда «Атаулы әлеуметтік көмектен» алған қаржы кейін қайтары-лады. Айта кетсек, арнайы ақпараттық-насихаттық топпен бірге елді-мекендерде от жағу науқанына дайындықты пысықтаған аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы Тимур Бақтыгереев от жағу маусымында келеңсіз жағдайлар орын алмасы үшін үнпарақтар таратып, қатқыл отынды пайдалануда тұтынушыларға аса сақ болу керектігі ескертілді.

**Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,**
**Ойыл-Сарбие-Қараой-Ойыл.**

# «ОТБАСЫ-БАҚЫТ МЕКЕНІ»



**ӨТКЕН АПТАДА ОТБАСЫ КҮНІНЕ ОРАЙ «ТӘУЕЛДІКТІҢ 20 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС ОРТАЛЫҒЫНДА» «ОТБАСЫ – БАҚЫТ БЕСІГІ» АТТЫ ҮЛГІЛІ ОТБАСЫЛАРМЕН КЕЗДЕСУ КЕШІ ӨТТІ.**

Кешке отасқандарына алды алпыс жылға таяған Жұмановтар мен өнегелі, өнерлі, көпбалалы Ешпанов, Бисебаевтар, соңы күні кеше шаңырақ көтерген Әділханов-тармен мектеп жастары шақырыл-ды. Кездесуге жас отбасылар- Ұрпақтар сабақтастығымен үндес-кен кездесу барысында өнегелі отбасылар өз өмір тәжірибелерінен түйгенін айтса, жастар кешті әнмен әрледі.

Шара барысында отасқандарына 60 жылға жуықтаған Амангелді ағай мен Тыным апай Жұмановтар ақыл-кеңестерін берсе, өнерлі Боранбай ағай мен Гүлмира Ешпановтар ерте отбасын құрудың кемшін тұстары туралы пікірлерін білдіріп, өнерлерін ортаға салды. Көпбалалы, жас отбасылар ситуациялық жағдайлардың амалдарын орындап, өнерпаздар мерекелік көңіл-күй сыйлады. Аудандық емхананың салауатты өмір салтын қалыптастыру кабинетінің психолог дәрігері А.Майлыбаева жас отбасыларға, жастарға медициналық ақпарат берді. Шара соңында кеш қонақтарына мерекелік сыйлықтар табысталды.

# КӨРШІНІҢ ТОЙЫ – КӨКПАРДЫҢ КӨРІГІ

**ЕЛІМІЗДЕ СОҢҒЫ ЖЫЛДАРЫ ҰЛТТЫҚ СПОРТ ТҮРІ ҚАРЫШТАП ДАМЫП КЕЛЕДІ. ОНЫҢ НАҚТЫ АЙҒАҒЫ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІМІЗ НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: БОЛАШАҚҚА БАҒДАР» АТТЫ МАҚАЛАСЫНДА АТ СПОРТЫНА ОРАСАН КӨҢІЛ АУДАРУ КЕРЕКТІГІ АЙТЫЛДЫ. ЕЛІМІЗДІҢ ТҮПКІР-ТҮПКІРІНДЕ АТ СПОРТЫНА ДЕГЕН ҚОЗҒАЛЫС БАЙҚАЛАДЫ.**

Нақтырақ айтсақ, ат спортының дамуына біздің ауданның жігіттері де атсалысып жүр. Ұлттық спорттың бұл түріне ауданның «атқамінерлерінен» бастап қолдау білдіруде. Күнтізбедегі атаулы даталарда ат тұяғы дүбірлеген тартысты бәсекелер жиі өтіп келеді. Соның нәтижесінде ауданның «Көкпар» командасы құралып, аудандық, облыстық додаларда топ жарып жүр.

Осы орайда өткен жексенбіде ғана көршілес Қызылқоға ауданының 75 жылдығына орай ұйымдастырылған ұлттық спорт түрі «Көкпардан» аймақтық жарыста біздің ауданның көкпаршылары бақтарын сынады. Бұған дейін де Атырау облысының аудандарына ат тұяғын тигізіп, жүлделеі орындармен оралып жүрген жігіттеріміз бұл жолғы жарысқа аудан әкімінің қолдауымен қызу дайындықпен барды. Аттары әбден бапталған біздің көкпаршылар Республика деңгейінде шығып жүрген көкпаршылармен иық тіресе ойын көрсетті. Бойында намысы қайнаған қолындағы қамшысын сайлаған сайыпқырандарымыз бірінші орынды қанжығаларына байлады. Аударыспақтан өткен бәсекеде тақымды, күшіне мығым жігіттеріміз қатысып, ауданның абыройын асқақтатты. Олай дейтін себебіміз аударыспақтан ақтық бәсекеде жерлестеріміз қарсылас шыдатпай I орынды Ринат Смағұлов, II орынды Нұрбек Санатов еншіледі. Жарайсыңдар жігіттер!

**Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,**
**Ойыл селосы.**

# О КАЗАХСТАНЕ, КИТАЕ. И НЕ ТОЛЬКО

## К ВИЗИТУ ПРЕЗИДЕНТА КАЗАХСТАНА В КНР

**КАКОВ ГЛАВНЫЙ ИТОГ МНОГОВЕКТОРНОЙ ВНЕШНЕЙ ПОЛИТИКИ НУРСУЛТАНА НАЗАРБАЕВА ЗА ПРОШЕДШИЕ ЧЕТВЕРТЬ ВЕКА? ИТОГ ПРОСТ И ОЧЕВИДЕН: КАЗАХСТАН, ПОЖАЛУЙ, ОДНО ИЗ НЕМНОГИХ ГОСУДАРСТВ В МИРЕ, У КОТОРОГО НА ВНЕШНЕЙ АРЕНЕ НЕТ ВРАГОВ И НЕДОБРОЖЕЛАТЕЛЕЙ. С ПЕРВОГО ДНЯ НЕЗАВИСИМОСТИ НАЗАРБАЕВ УДЕЛЯЛ ПЕРВОСТЕПЕННОЕ ЗНАЧЕНИЕ ВЗАИМООТНОШЕНИЮ С СОСЕДЯМИ, ДРУГИМИ ГОСУДАРСТВАМИ, ВСЕМ МИРОВЫМ СООБЩЕСТВОМ В ИНТЕРЕСАХ СОБСТВЕННОЙ СТРАНЫ И НАРОДА. ГОВОРЯТ, ЧТО ВНЕШНЯЯ ПОЛИТИКА НЕРАЗРЫВНО СВЯЗАНА С ВНУТРЕННЕЙ ПОЛИТИКОЙ ГОСУДАРСТВА. МЕЖНАЦИОНАЛЬНОЕ И МЕЖКОНФЕССИОНАЛЬНОЕ СОГЛАСИЕ ВНУТРИ СТРАНЫ, ДЕМОКРАТИЯ, СТАБИЛЬНОСТЬ И УСТОЙЧИВОЕ РАЗВИТИЕ, СОЦИАЛЬНАЯ ПОЛИТИКА И РЫНОЧНЫЕ РЕФОРМЫ НЕРАЗРЫВНО СВЯЗАНЫ С ДОБРОСОСЕДСКИМИ ОТНОШЕНИЯМИ С ПРИГРАНИЧНЫМИ ГОСУДАРСТВАМИ, ПОЛИТИКОЙ ЯДЕРНОГО РАЗОРУЖЕНИЯ, ИНТЕГРАЦИОННЫМИ ИНИЦИАТИВАМИ В СНГ И ДР.**



По Конституции Глава государства определяет внешнюю и внутреннюю политику. И нам есть чем гордиться за 28 лет независимости. Наверное, и в этом есть определенная логика и смысл, когда 19 марта сего года Нурсултан Назарбаев в своем знаменитом теперь выступлении назвал своего преемника Касым-Жомарта Токаева как самого достойного на пост Президента страны. А ведь Токаев был не только исполнителем внешней политики Назарбаева. Бывший министр иностранных дел работал и Премьер-министром, и Государственным секретарем. Трехлетняя «командировка» в ООН, где Токаев был заместителем Генерального секретаря, дала свои плоды. Когда члены ООН выбирали между Казахстаном и Таиландом на место непостоянного члена Совета Безопасности ООН, подавляющее большинство стран проголосовали за Казахстан. Кстати, немногие знают, что сам Токаев прошел горнило жесткой конкуренции на свою должность (было 10–12 кандидатов, в «финал» вышли Токаев и бывший министр иностранных дел Италии; Генсек Пан Ги Мун остановился на кандидатуре Токаева).

С чего начал свою внешнеполитическую деятельность второй Президент Казахстана? Правильно, с официального визита в Россию, нашего главного стратегического партнера (Евразийский экономический союз, Таможенный союз, ОДКБ, СНГ). Дело не в договорах и структурных организациях. С Россией у нас и де-юре, и де-факто вечная дружба. Слишком многое нас соединяет, и нет ничего такого, что могло бы разъединить. После распада СССР именно Россия и Казахстан продемонстрировали всему миру как надо строить братские и взаимовыгодные отношения в новых условиях и при новом геополитическом раскладе.

Второй визит Токаев осуществил в Узбекистан. С Узбекистаном в целом всегда были хорошие отношения, но за последние 2 года в них произошел настоящий прорыв. Дружба и сотрудничество Казахстана и Узбекистана – это залог стабильности и процветания всей Центральной Азии.

Третий визит Президент Токаев совершает в Китай, и на этом хотелось бы остановиться подробно. Дело не в синофобии (отдельных проявлениях антикитайских настроений в нашем обществе). В конце концов, о «желтой опасности» еще 100 лет назад говорили. Еще в начале XX века тогдашний 400-миллионный Китай внушал трепет и опасения. А дело в том, что массовые антикитайские предрассудки базируются на незнании, нежелании знать своего могучего соседа, который, кстати, никуда не денется, не переедет и с которым надо выстраивать умные и правильные отношения. Собственно, Назарбаев их как раз выстроил: и казахстанско-китайские внешнеполитические (например, ШОС) и торгово-экономические отношения (Китай на первом месте по товарообороту) взаимовыгодны для наших стран и народов. Однако у нас есть отдельные граждане, которые опасаются «китайской угрозы», «китайской экспансии», фактически требуя свернуть активное сотрудничество с этой сверхдержавой. О Китае написаны тысячи и тысячи самых различных книг и научных исследований. Я порекомендую одну и публично прошу (в рамках госпрограммы «Рухани жаңғыру») перевести ее на казахский язык и распространить ее во всех школах и вузах. Это книга Генри Киссинджера «О Китае», вне всякого сомнения, мировой бестселлер. Если бы митингующая молодежь на антикитайских пикетах знала бы хоть толику о Китае (и не только из этой книги), то я уверен, что видение и отношение к Китаю было бы совершенно другим. Современный Китай можно понять только в контексте его истории, непрерывной пятитысячелетней государственности, уникальной цивилизации и несокрушимых традиций этой страны и народа.

В начале книги Киссинджер убивает наповал одним историческим фактом. В октябре 1962 года лидер Китая Мао Цзэдун собрал высших военных и политических руководителей на встречу в Пекине. На китайско-индийской границе в Гималаях войска двух стран стояли на грани военного столкновения из-за маленького спорного участка. Мао решил обратиться к старой китайской традиции и поведал своему партийному и военному активу, что за всю историю отношений Индия и Китай провели всего «полторы» войны. Первая война произошла 1 300 лет назад во время правления династии Тан (618–907 годы), когда Китай поддержал одного индийского князя в борьбе с агрессивным и незаконным врагом. После успешного завершения войны обе страны поддерживали долгое время хорошие отношения. Этот исторический урок, по мнению Мао, свидетельствовал, что у Индии и Китая нет абсолютно никакой почвы для вражды и тем более войны. «Полвойны» же, считал Мао, произошло в 1262 году, когда монгольский завоеватель Тамерлан, наверняка с нашими далекими предками, пришел в Индию, разграбил и сжег Дели, убил 100 000 пленников. Мао Цзэдун пояснил, что «половинка войны» в том смысле, что тогда монголы и китайцы находились в одной военно-политической общности.

Сұхбат

# ЖЕДЕЛ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ ТӘРТІБІ ҚАНДАЙ?

**ОСЫ СҰРАҚ ҚАЗІР ЖҰРТШЫЛЫҚТЫ ТОЛҒАНДЫРЫП ОТЫР. «103-КЕ» ҚОҢЫРАУ ШАЛҒАНДАР АҚТӨБЕГЕ ТҮСІП КЕТЕДІ ДЕП ТҮСІНЕДІ. ӨЙТКЕНІ, КӨПШІЛІК ЖЕДЕЛ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ ҚЫЗМЕТІ ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАНЫНАН БЕЙХАБАР. СОНДЫҚТАН, ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ АУРУХАНАСЫНЫҢ БАС ДӘРІГЕРІНЕН ОСЫ МӘСЕЛЕНІҢ МӘН-ЖАЙЫН ТҮСІНДІРУДІ ӨТІНДІК.**

*- Алдымен жедел медициналық көмек көрсету қызметіне жүргізіліп жатқан реформа тураыл айтып өтсеңіз?*

- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 3 шілдедегі № 450 бұйрығымен Қазақстан Республикасында жедел медициналық көмек көрсету қағидалары бекітілді. Ақтөбе облысы әкімдігінң 2018 жылғы 10 желтоқсанындағы № 546 «Кезек күттірмейтін медициналық көмек бөлімшелері мен санитариялық авиация бөлімшесін орталықтандыру» Қаулысын жүзеге асыру мақсатында Ақтөбе облыстық денсаулық басқармасының 2019жылғы 10 қаңтардағы № 50-**5** бұйрығымен Ойыл аудандық ауруханасы жанындағы кезек күттірмейтін жедел жәрдем бөлімшесі «Облыстық жедел және шұғыл медициналық бекеті» құрамына берілді.

*- Оған басты негізгі себеп қандай?*

- Осы бұйрыққа сәйкес Ойыл ауруханасы бойынша 4 санаттағы шақыртуларға баруға емхана жанында тәулік бойы медициналық қызмет көрсететін Жедел медициналық көмек (ЖМК) бөлімшесі ашылу қажет. Қазіргі таңда фельдшерлер тапшылығына байланысты ЖМК бөлімшесі ашылған жоқ. Сондықтан, Ойыл селосы бойынша тұрғындарының денсаулық жағдайы бұзылған кездегі «103-ке» шалған қоңырауын Ақтөбе қаласының жедел медициналық көмек станциясының диспетчері қабылдайды.

*- Қызмет алушыға қойылар талаптар қандай?*

- Тұрғындар диспетчерлік қызметке төмендегі деректерге толық жауап беру керек (шағымдар жазылады) :

· пациенттің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жасы мен жынысы;

· пациенттің жай-күйі бойынша деректер мен жазатайым жағдайдың, жарақаттардың немесе аурудың мән-жайы;

· мекенжайы мен телефоны, сондай-ақ пациенттің орналасқан орнына жету бойынша бағдарлық деректер.

*- Қызмет көрсетуде ерекшеліктер бар ма?Қызмет көрсеті бірнеше санатқа бөлінеді деген бар...*

- Шақыртуларға жеделділік санаты бойынша іріктеу жүргізіледі. ЖМК диспетчері шақыртуды алған сәттен бастап қызмет көрсету үшін ЖМК бригадасына бергенге дейін шақыртуды өңдеу уақыты бес минутты құрайды.

ЖМКС диспетчері қабылдаған шақыртулар (төрт) жеделділік санатына бөлінеді:

1 (бірінші) жеделділік санатындағы шақырту – өміріне тікелей қауіп төндіретін, жедел медициналық көмек көрсетуді қажет ететін пациенттің жай-күйі;

2 (екінші) жеделділік санатындағы шақырту – өміріне медициналық көмек көрсетусіз әлеуетті қауіп төндіретін пациенттің жай-күйі;

3 (үшінші) жеделділік санатындағы шақырту – денсаулығына медициналық көмек көрсетусіз әлеуетті қауіп төндіретін пациенттің жай-күйі;

4 (төртінші) жеделділік санатындағы шақырту – жіті ауруынан немесе созылмалы ауруының асқынуынан туындаған, ағзалар мен жүйелердің кенеттен болған және айқын көрінетін бұзылуларынсыз пациенттің өмірі мен денсаулығына тікелей және әлеуетті қауіп төндірмейтін пациенттің жай-күйі.

1, 2, 3 - жеделділік санаттарының шақыртулары келіп түскен кезде ЖМКС диспетчері автоматты басқару жүйесі арқылы шақыртуларды ЖМКС фельдшерлік бригадаларына береді. (Облыстық жедел және шұғыл медициналық бекеті)

4-жеделділік санатының шақыртулары келіп түскен кезде ЖМКС диспетчері автоматты басқару жүйесі арқылы шақыртуларды аурухана жанындағы Жедел медициналық көмек (ЖМК) фельдшерлік бригадаларына береді. Қазіргі таңда барлық шақыртуларға Облыстық жедел және шұғыл медициналық бекеті



фельдшерлері көмек көрсетуде.

Фельдшерлік бригадалардың ЖМКС диспетчерінен шақыртуды қабылдаған сәттен бастап, пациенттің тұрған жеріне дейін жету уақыты:

1 - жеделділік санаты – он минутқа дейінгі;

2 - жеделділік санаты – он бес минутқа дейінгі;

3 - жеделділік санаты – отыз минутқа дейінгі;

4 - жеделділік санаты – алпыс минутқа дейінгі уақытты құрайды.

Ойыл тұрғындары Ақтөбе қаласының жедел медициналық көмек станциясының «103» диспетчері жауап бермеген жағдайда аудандық ауруханасының қабылдау бөлімшесіне 2 -19-75 номеріне қоңырау соға алады.

**Сұхбаттасқан**
**С. ҚОЙБАҒАРОВ.**

# ДИАЛОГ – БАЙЛАНЫСТЫҢ КЕПІЛІ

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Қазақстан халқына алғашқы Жолдауында «Қуатты Президент, ықпалды Парламент, есеп беретін Үкімет» деген формуланы белгілеп, саяси жүйені жаңғыртуды жалғастыру қажеттігін атап өтті. Бұл ретте модернизациялық процестердің негізі «құлақ салар мемлекеттің» құрылуын, билік пен қоғамның тиімді тұрақты диалогын құруды анықтады. Осыған байланысты мемлекеттік органдардың барынша ашық болып, халық сауалына жедел және тұщымды жауап беру міндеті тұр.

Қазірдің өзінде қала мен аудан әкімдіктері, облыстық басқармалар мен департаменттердің халықпен кері байланыс орнатуы үшін әлеуметтік желілерде аккаунттары іске қосылды. Байланыс желісі мемлекеттік органдардың азаматтардың түрлі санаттарына қызмет көрсетуіне, жүргізіліп отырған мемлекеттік саясат туралы ақпаратты ұғынықты тілде түсіндіруі үшін пайдаланылуы тиіс. Бұл – бизнесті құру және дамыту, жастарды, халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау мәселелері шешілетін алаң. Өз кезегінде, халық өз мұқтаждығымен бөлісіп, болса ескертулерін айтып, бағдарламаларды жүзеге асыру тетіктерін, сондай-ақ мемлекеттік органдардың қызметін жетілдіру бойынша тілектер енгізе алады. Президент сондай-ақ азаматтық қоғамды қолдау мен нығайту, оны ең өзекті жалпы мемлекеттік міндеттерді талқылауға тарту қажеттігін атап өтті. Халық пен биліктің байланысын арттыру мақсатында, жақында ұлттық қоғамдық сенім кеңесі құрылды, оның бірінші отырысы 6 қыркүйекте өтті.

Ал, биліктің алдында айтулы қоғамдық институттардың мәртебесі мен тиімділігін арттыру мәселесі тұр. Олар мемлекет пен оның азаматтарының сындарлы диалогының пәрменді алаңына айналуы тиіс. Жалпы, Президент алға қойған міндеттерді табысты іске асыру үшін Үкімет пен азаматтардың ортақ жауапкершілігі талап етіледі. Осыған байланысты қолға алынған кейбір шараларға тоқталғым келеді. Атап айтқанда, халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау бойынша елеулі іс тындырылуда: атаулы әлеуметтік көмек жүйесін оңайлату, тұрғын үй беру, несие бойынша қарыздарды есептен шығару жұмыстары нәтижелі жүргізіліп келеді. Биылғы Жолдауда бизнесті қолдау бойынша да өзекті ұсыныстар айтылды, өз кезегінде бұл бизнес-қауымдастықтың тұтынушылар мен азаматтар алдындағы жауапкершілігін арттырары анық.

**Дауылбай АБДРАХМАНОВ,**
**Ойыл аудандық мемлекеттік архивінің меңгерушісі.**

# ЕҢБЕК ДАУЛАРЫН СОТҚА ДЕЙІН РЕТТЕУ

Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының мақсаты еңбек қатынастарын және еңбек қатынастарымен тікелей байланысты өзге де қатынастарды еңбек қатынастары тараптарының құқықтары мен мүдделерін қорғауға, еңбек саласындағы құқықтар мен бостандықтардың ең төмен кепілдіктерін белгілеуге бағытталған құқықтық реттеу болып табылады.

Күнделікті кездесіп жататын еңбек даулары, еңбек заңнамаларының дұрыс қолданылмау, екі тараптың арасындағы жасалатын еңбек шарттарынан туындайтын мәселелердегі келіспеушілік салдарынан орын алып жатады.

2015 жылы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі қабылданып, біршама өзгерістер еңгізілді. Айтар болсақ, аталған кодексінің 159-бабының 1-тармағына сай шағын кәсіпкерлік субъектілерін және заңды тұлғаның атқарушы органының басшыларын қоспағанда, жеке еңбек дауларын – келісу комиссиялары, ал реттелмеген мәселелер не келісу комиссиясы шешімінің орындалмауы бойынша соттар қарайды делінген. Осы қабылданған өзгерістер екі тарапқа аз уақыт ішінде сотқа жүгінбей-ақ, өз уақыттарын үнемдеп еңбек дауларын шешуге мүмкіндік беріп отыр.

Сонымен қатар еңбек дауларын сотқа дейінгі реттеудің тағы бір тиімді жағы-медиация рәсімі. Медиация-тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылады. Медиация рәсімі кезінде медиатордың жәрдемдесуімен тараптар арасындағы даудамайлар реттеледі. Қазіргі таңда медиация өзінің тиімділігі мен қажеттілігіне көз жеткіздіріп, тек еңбек дауларын емес, басқа да санаттағы дау-шарларды шешудің тиімді құралына айналды.

Аудан тұрғындарына дау-шарларды тиімді шешу, оның ішінде аудан орталығына келмей ақ қаражатын және уақытын үнемдеуге жағдай жасау мақсатында әр ауылдық округте кәсіби емес медиаторлар тағайындалып, өз жұмыстарын жалғастыруда.

Соңғы жылдары медиация көптеген өркениетті елдердің құқықтық мәдениетіне еніп, берік орын алуда. «Медиация туралы» заң азаматтық, еңбек, отбасы, басқа да жеке заңды тұлғалардың құқықтық қатынастарымен қатар, орта және ауырлығы онша ауыр емес қылмыстық істер бойынша, сот актілерін орындау кезінде туындайтын жағдайларда қолданылып келеді.

Шын мәнінде, көптеген еңбек даулары ұзаққа созылып соның кесірінен отбасындағы келеңсіздіктер туып, қарым-қатынастарға кері әсерін тигізіп жатады. Мұның салдарының соңы оң нәтижеге апармасы анық. Сондықтан мәселені соттан бұрын өзара мәмілеге келіп шешуге ұмтылыс жасау қажет.

**Г.ТАНКИЕВА,**
**Ойыл аудандық сотының кеңсе меңгерушісі.**

# «ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ ДЕКЛАРАЦИЯЛАУ» КЕЗЕҢІ ТУРАЛЫ

Ойыл ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы «100 нақты қадам» ұлт жоспарының 42 қадамы 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасы тұрғылықты азаматтарының мүлкі мен табысын декларациялауды қарастырылғанын хабарлайды.

Осыған орай, заңнамаға декларанттардың жағдайын жақсартатын түзетулер енгізілді, активтер мен жеке тұлғаның міндеттемелері туралы декларацияның нысаны оңтайлатылдырылды, халықтың оқуға, медициналық қызметке, балаларды қоса алғанда, шегерімге жатқызылатын шығыстарын төлеуге мүмкіндік берілді, банк заемдары бойынша сыйақы төлемі, қолма-қол ақшаның шегі, сондай-ақ дебиторлық және кредиторлық берешектерді және басқа да активтердің құны ұлғайтылды.

«Электрондық Үкімет» Egov.kz Порталында салық декларациясында жеке тұлғаның мүлкі туралы мәліметтерді автоматты түрде толтыру функционалы әзірленді.

Азаматтардың декларацияны тапсыруы үшін «Жалпыға бірдей декларациялау» клиенттің мобильді қосымшасын іске асыру, сонымен қатар электронды түрде декларацияны тапсыру кезінде пайдаланушының авторизациясы СМС хабарлама арқылы жүзеге асыру бойынша шаралар жүргізілуде.

Ағымдағы жылдың 03 шілдесінде жалпыға бірдей декларацияны 2020 жылдың 01 қаңтарынан бастап 2021 жылдың 01 қаңтарына дейін сатылай енгізуді қарастырған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын реттеу мен дамыту және микроқаржылық қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (№262-VI ЗРК) қабылданды.

Бірінші кезеңде – 2021 жылғы 01 қаңтардан бастап жалпыға бірдей декларациялау шеңберіндегі декларацияны:

Жауапты мемлекеттік лауазым тұлғалар, және олардың жұбайлары;

Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғалар, және олардың жұбайлары;

Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаларға теңестірілген тұлғалар, және олардың жұбайлары;

Екінші кезеңде – 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері үшін және олардың жұбайлары, сонымен қатар квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жұмыскерлері және олардың жұбайлары болып табылатын жеке тұлғалар тапсырады;

Үшінші кезеңде – 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап заңды тұлғалардың басшылары мен құрылтайшылары және олардың жұбайы, дара кәсіпкерлер және олардың жұбайы тапсырады;

Төртінші кезеңде – 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап бастап жеке түлғалар яғни азаматтардың қалған санаттары декларация тапсырады.

# СЫБАЙЛАСТЫҚ СЕНІМДІ ЖОҒАЛТАДЫ

Сыбайлас жемқорлық мемлекеттің әлеуметтік - экономикалық даму үрдісін, нарықтық экономиканың құрылуын, инвестициялар тарту процесін тежейді. Демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институтына кері әсерін тигізеді, елдің болашақ дамуына елеулі қауіп төндіреді.

Қарапайым тілмен айтатын болсақ, сыбайлас жемқорлық – бұл қызмет дәрежесін жеке мақсатта пайдалану, мемлекет қаржысын талан-тараж етіп ысырап қылу, дүние-мүлкін, ақша капиталын салық декларациясынан, яғни мемлекеттен жасырып қалу, пара алу, пара беру т.б. жат қылықтар болып табылады. Сыбайлас жемқорлық әлемнің кезкелген дамыған елдерінде де кездесетін мемлекет пен оның азаматтарына өте қауіпті құбылыс болып отыр. Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі сыбайлас жемқорлықпен күрес болып табылады.

Осы мақсатта Ақтөбе облысының статистика департаментінде тұрақты негізде жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған сенім телефоны жұмыс жасайды, азаматтардың арыз-өтініштері үшін арнайы жәшік орналастырылған, сонымен қатар комитет пен департаменттің ресми сайттары www.stat.gov.kz, www.aktobe.stat.gov.kz арқылы туындаған сұрақтарға жауаптар алуға болады. Әр айдың белгіленген күндері департамент басшысы мен оның орынбасарларының қабылдау күндері болады.

Респонденттер (есеп тапсырушы) ешқайда бармай-ақ үйден интернет арқылы өздерінің электронды цифрлы қолтаңбалары (ЭЦП) арқылы cabinet.stat.gov.kz сайтынан қандай статистикалық есептілікті тапсыру қажеттігін және есепті тапсыру уақытын білуге болады. Өзіңізге тиісті тапсырылатын статистиқалық есептілікті электронды цифрлы қолтаңбамен (ЭЦП) online.stat.gov.kz сайтына өтіп есептіліктің формасын таңдап тапсыруға болады.

Халықтың құқықтық сауатын арттырып, үнемі түсіндіру жұмыстарын жүргізу арқылы бұл дертті азайтуға болады. Халық өздерінің құқықтарын қорғап, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігін білу қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен үнемі күрес жүргізу қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту болып табылады.

Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді қарсы тұруға болады. Сыбайлас жемқорлықпен күреске Қазақстан Республикасының әрбір азаматы атсалысса іс нәтижелі болмақ.

**Ойыл ауданының статистика басқармасы**

*Ойыл аудандық әділет басқармасында*
*2019 жылғы 20 тамызда № 6369 болып тіркелді*

## ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

9 тамыз 2019 жыл № 327 Ойыл селосы

**Ойыл аудандық мәслихатының 2019 жылғы 4 қаңтардағы №249 «2019-2021 жылдарға арналған Көптогай ауылдық округ бюджетін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 106, 109-1 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына сәйкес, Ойыл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ойыл аудандық мәслихатының 2019 жылғы 4 қаңтардағы № 249 «2019-2021 жылдарға арналған Көптоғай ауылдық округ бюджетін бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3-11-157 номерімен тіркелген, 2019 жылғы 22 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

1 тармақта:
1) тармақшасында:
кірістер
«46 371» сандары «46 510» сандарымен ауыстырылсын;
трансферттер түсімі
«43 795» сандары «43 934» сандарымен ауыстырылсын;
2) тармақшасында:
Шығындар
«46 629,5» сандары «46 768,5» сандарымен ауыстырылсын;

2. Көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. «Ойыл аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесіне заңнамада белгіленген тәртіппен:
1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;
2) осы шешімді Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі Эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

**Аудандық мәслихаттың сессия төрағасы: И.Қосдаулетов**
**Аудандық мәслихат хатшысы: Е.Жиеналин**

*Аудандық мәслихаттың 2019 жылғы*
*9 тамыздағы № 327 шешіміне қосымша*
*Аудандық мәслихаттың 2019 жылғы*
*4 қаңтардағы № 249 шешіміне 1 қосымша*

### 2019 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН КӨПТОҒАЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГ БЮДЖЕТІ

| Санаты | Сыныбы | Кіші сыныбы | Атауы | Сомасы (мың теңге) |
|---|---|---|---|---|
| | | | 1. Кірістер | 46510,0 |
| 1 | | | Салықтық түсімдер | 2296,0 |
| | 01 | | Табыс салығы | 605,0 |
| | | 2 | Жеке табыс салығы | 605,0 |
| | 04 | | Меншікке салынатын салықтар | 1691,0 |
| | | 1 | Мүлікке салынатын салықтар | 76,0 |
| | | 3 | Жер салығы | 95,0 |
| | | 4 | Көлік құралдарына салынатын салық | 1520,0 |
| 2 | | | Салықтық емес түсімдер | 280,0 |
| | 01 | | Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер | 260,0 |
| | | 5 | Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер | 260,0 |
| | 06 | | Басқа да салықтық емес түсімдер | 20,0 |
| | | 1 | Басқа да салықтық емес түсімдер | 20,0 |
| 4 | | | Трансферттердің түсімдері | 43934,0 |
| | 02 | | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер | 43934,0 |
| | | 3 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер | 43934,0 |

| Функционалдық топ | Функционалдық кіші топ | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі | Бағдарлама | Атауы | Сомасы (мың теңге) |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | II. Шығындар | 46768,5 |
| 01 | | | | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер | 18570,0 |
| | 1 | | | Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар | 18570,0 |
| | | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 18570,0 |
| | | | 001 | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 17470,0 |
| | | | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 1100,0 |
| 04 | | | | Білім беру | 24571,0 |
| | 1 | | | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту | 24571,0 |
| | | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 24571,0 |
| | | | 004 | Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту және мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарында медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру | 24571,0 |
| 07 | | | | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық | 2103,5 |
| | 3 | | | Елді-мекендерді көркейту | 2103,5 |
| | | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 2103,5 |
| | | | 008 | Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру | 755,0 |
| | | | 009 | Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету | 380,0 |
| | | | 010 | Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу | 60,0 |
| | | | 011 | Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру | 908,5 |
| 12 | | | | Көлік және коммуникация | 1524,0 |
| | 1 | | | Автомобиль көлігі | 1524,0 |
| | | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 1524,0 |
| | | | 013 | Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 1524,0 |
| 15 | | | | Трансферттер | 0,0 |
| | 1 | | | Трансферттер | 0,0 |
| | | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 0,0 |
| | | | | III. Таза бюджеттік кредит беру | 0,0 |
| | | | | IV. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо | 0,0 |
| | | | | V. Бюджет (профициті) тапшылығы | -258,5 |
| | | | | VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) | 258,5 |
| 08 | | | | Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары | 258,5 |
| | 01 | | | Бюджет қаражаты қалдықтары | 258,5 |
| | | | 1 | Бюджет қаражатының бос қалдықтары | 258,5 |

*Зарегистрирован в Управления юстиции Уилского*
*района 20 августа 2019 года за № 6369*

## РЕШЕНИЕ УИЛСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА

9 августа 2019 года №327 с.Уил

**О внесении изменений в решение Уилского районного маслихата от 4 января 2019 года №249 «Об утверждении бюджета Коптогайского сельского округа на 2019-2021 годы**

В соответствии со статьями 106, 109-1 Бюджетного Кодекса Республики Казахстан от 4 декабря 2008 года, со статьей 6 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» Уилский районный маслихат **РЕШИЛ**:

1. Внести в решение Уилского районного маслихата от 4 января 2019 года № 249 «Об утверждении бюджета Коптогайского сельского округа на 2019-2021 годы» (зарегистрированное в реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за №3-11-157, опубликованное 22 января 2019 года в эталонном контрольном банке нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде) следующие изменения:

в пункте 1:
в подпункте 1):
доходы
цифры «46 371» заменить цифрами «46 510»;
поступления трансфертов
цифры «43 795» заменить цифрами «43 934»;
в подпункте 2);
затраты
цифры «46 629,5» заменить цифрами «46 768,5»;

2. Приложение 1 к указанному решению изложить в новой редакции согласно приложению к настоящему решению.

3. Государственному учреждению «Аппарат Уилского районного маслихата» в установленном законодательством порядке обеспечить:
1) государственную регистрацию настоящего решения в Департаменте юстиции Актюбинской области;
2) направление настоящего решения на официальное опубликование в Эталонном контрольном банке нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде.

4. Настоящее решение вводится в действие с 1 января 2019 года.

**Председатель сессии районного маслихата: И.Косдаулетов**
**Секретарь районного маслихата: Е.Жиеналин**

*Приложениек решению районного*
*маслихата от 9 августа 2019 года № 327*
*Приложение 1 к решению районного*
*маслихата от 4 января 2019 года № 249*

### БЮДЖЕТ КОПТОГАЙСКОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА НА 2019 ГОД

| Категория | Класс | Подкласс | Наименование | Сумма (тыс.тенге) |
|---|---|---|---|---|
| | | | 1. Доходы | 46510,0 |
| 1 | | | Налоговые поступления | 2296,0 |
| | 01 | | Подоходный налог | 605,0 |
| | | 2 | Индивидуальный подоходный налог | 605,0 |
| | 04 | | Налоги на собственность | 1691,0 |
| | | 1 | Налоги на имущество | 76,0 |
| | | 3 | Земельный налог | 95,0 |
| | | 4 | Налог на транспортные средства | 1520,0 |
| 2 | | | Неналоговые поступления | 280,0 |
| | 01 | | Доходы от государственной собственности | 260,0 |
| | | 5 | Доходы от аренды имущества, находящегося в государственной собственности | 260,0 |
| | 06 | | Прочие неналоговые поступления | 20,0 |
| | | 1 | Прочие неналоговые поступления | 20,0 |
| 4 | | | Поступления трансфертов | 43934,0 |
| | 02 | | Трансферты из вышестоящих органов государственного управления | 43934,0 |
| | | 3 | Трансферты из районного (города областного значения) бюджета 43934,0 | |

| Функ. группа | Функ. подгруппа | Администратор | Программа | НАИМЕНОВАНИЕ | Сумма (тыс.тенге) |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | II. Затраты | 46768,5 |
| 01 | | | | Государственные услуги общего характера | 18570,0 |
| | 1 | | | Представительные, исполнительные и другие органы, выполняющие общие функции государственного управления | 18570,0 |
| | | 124 | | Аппарат акима города районного значения, села, поселка, сельского округа | 18570,0 |
| | | | 001 | Услуги по обеспечению деятельности акима города районного значения, села, поселка, сельского округа | 17470,0 |
| | | | 032 | Капитальные расходы подведомственных государственных учреждений и организаций | 1100,0 |
| 04 | | | | Образование | 24571,0 |
| | 1 | | | Дошкольное воспитание и обучение | 24571,0 |
| | | 124 | | Аппарат акима города районного значения, села, поселка, сельского округа | 24571,0 |
| | | | 004 | Дошкольное воспитание и обучение и организация медицинского обслуживания в организациях дошкольного воспитания и обучения | 24571,0 |
| 07 | | | | Жилищно-коммунальное хозяйство | 2103,5 |
| | 3 | | | Благоустройство населенных пунктов | 2103,5 |
| | | 124 | | Аппарат акима города районного значения, села, поселка, сельского округа | 2103,5 |
| | | | 008 | Освещение улиц в населенных пунктах | 755,0 |
| | | | 009 | Обеспечение санитарии населенных пунктов | 380,0 |
| | | | 010 | Содержание мест захоронений и погребение безродных | 60,0 |
| | | | 011 | Благоустройство и озеленение населенных пунктов | 908,5 |
| 12 | | | | Транспорт и коммуникации | 1524,0 |
| | 1 | | | Автомобильный транспорт | 1524,0 |
| | | 124 | | Аппарат акима города районного значения, села, поселка, сельского округа | 1524,0 |
| | | | 013 | Обеспечение функционирования автомобильных дорог в городах районного значения, поселках, селах, сельских округах | 1524,0 |
| 15 | | | | Трансферты | 0,0 |
| | 1 | | | Трансферты | 0,0 |
| | | 124 | | Аппарат акима города районного значения, села, поселка, сельского округа | 0,0 |
| | | | | III. Чистое бюджетное кредитование | 0,0 |
| | | | | IV. Сальдо по операциям с финансовыми активами | 0,0 |
| | | | | V. Дефицит (профицит) бюджета | - 258,5 |
| | | | | VI. Финансирование дефицита бюджета | 258,5 |
| 08 | | | | Используемые остатки бюджетных средств | 258,5 |
| | 01 | | | Остатки бюджетных средств | 258,5 |
| | | | 1 | Свободные остатки бюджетных средств | 258,5 |

# О КАЗАХСТАНЕ, КИТАЕ. И НЕ ТОЛЬКО
## К ВИЗИТУ ПРЕЗИДЕНТА КАЗАХСТАНА В КНР

Действительно, монгольский военный менеджмент, китайские инженеры, техника и стенобитные машины, многочисленная кыпчакская конница наводили ужас на весь тогдашний мир. Мао призвал извлечь исторические уроки, проявить «сдержанность и принципиальность». Короче, Китай нанес короткий, но сокрушительный удар по индийским позициям, быстро отступил на линию контроля и даже не захватывал пленных и индийское тяжелое вооружение.

К чему эта история? А к тому, что ни в одной стране мира никогда руководитель государства не начал бы войну, опираясь на стратегические принципы и события тысячелетней давности (это при том, что официально коммунистический Китай отказался от феодального прошлого своей страны). Уникальность Китая заключается в его беспрерывной многотысячелетней государственности, цивилизации и культуре. В сущности, любой народ склонен рассматривать себя вечно. У любого народа есть свой миф о своем происхождении. Спецификой китайской цивилизации является то, что она не имеет начала. Ментальность и ДНК китайца таковы: Китай – центр Земли, в отличие от Египта или древних шумеров, которые появлялись как традиционные нации-государства, Китай как естественный феномен существовал всегда. Китайцы знали о Корее, Вьетнаме, Таиланде, Бирме, северных кочевниках, но в понимании китайцев Китай – центр Земли, Срединное государство, Поднебесная мира. Границы между Китаем и окружающими народами заключались больше в культурных отличиях, чем в политических и территориальных разграничениях.

Если США считали своей главной миссией распространение демократии и прав человека по всему миру, иногда и силой оружия, то Китай исключал даже административное давление, не говоря о военном. Исключительность США – в миссионерском характере. Исключительность Китая – в культуре. Китай не занимается обращением других стран и народов в свою веру, ни тысячу лет назад, ни сейчас. Китай не считает, что его программы и представления должны иметь силу за пределами страны – преемницы Срединного государства, силой и мощью которого была уникальная культура. Ни одна страна не может похвастать такой длительной историей цивилизации, тесной связью с древнейшей историей, стратегическими принципами управ-ления государством. Вообразите только, первые обнаруженные китайские иероглифы датируются вторым тысячелетием до нашей эры




(династия Шан). Современные китайцы свободно читают надписи Конфуция, жившего и творившего в V веке до нашей эры. Китайский язык и культура, философия и эстетика, политическая власть и юрисдикция императора оказались гораздо сильнее конницы кочевников и стенобитных машин. Ареал распространения этой культуры и конфуцианских ценностей превышал размеры континентальной Европы. Удивительно, что задолго до экспедиции Колумба китайцы имели мощный флот, гораздо больший и боеспособный, чем испанская армада. Но в отличие от европейцев Китай никогда не проявлял территориальных притязаний. Зачем? Китай и так центр Земли, мироощущение китайцев – это самодостаточность. Если европейцы, открывая новые земли, считали необходимым обратить всех в христианство огнем и мечом, то Китай вообще никогда не стремился владеть заморскими колониями. Китай, искренне считая окружающие народы варварами, никогда не стремился превратить их в адептов конфуцианства или сделать их буддистами. Вот эта потрясающая и уникальная изоляция пронизывала мироощущение каждого китайца. Из поколения в поколение китайцы были убеждены, что их цивилизация не в ряду цивилизаций других народов, а сама по себе Цивилизация, или, по словам американского политолога Люсьена Пая: «цивилизация, притворяющаяся государством». Не сейчас «китайский дракон» появился, он был всегда, превосходя европейские страны по размеру, населению и экономике. На протяжении 18 из 20 последних веков Китай производил наибольшую часть мирового ВВП. Еще в 1820 году Китай производил 30% мирового ВВП, что превышало ВВП Европы и США вместе взятых.

Французский путешественник Франсуа Кенэ в 1766 году написал: *«Никто не сможет отрицать тот факт, что эта страна самая красивая в мире, самое многонаселенное и самое процветающее королевство из всех нам известных. Такая империя, как Китай, равна тому, чем могла быть вся Европа, будучи объединенной под властью одного монарха»*. Да, Китай прозевал промышленную революцию, потому что, считая себя Поднебесной мира, лишь изредка воспринимал идеи и изобретения из-за рубежа. Но опять же, вообразите только: Китай существовал во времена Тутанхамона и Хаммурапи, когда еще не было античной Греции и Древнего Рима. Все империи создавались силой, и ни одна из них не смогла сохраниться. Китайская история также изобилует многочисленными восстаниями, кровавыми внутренними распрями и войнами. Но только в этой стране благодаря уникальной культуре правители во все времена умели предвидеть и формировать будущее – в этом высшая цель искусства управления государством. Китай был, есть и остается потому, что сила часто уступала место консенсусу. «Искусство войны» Сунь Цзы уже две с половиной тысячи лет остается главным трактатом военной мысли. А между тем Сунь Цзы считал войну вынужденным злом, которое следует всячески избегать. Он отмечал, что «война – как огонь, люди, которые не сложат оружия, погибнут от собственного же оружия». Ну а если война началась, то следует вести ее быстро во избежание экономических потерь. Сунь Цзы считал, что следует избегать резни и зверств, потому что это может спровоцировать сопротивление и дать противнику возможность обратить войну в свою пользу. Интересно, изучали ли труды китайского мыслителя, скажем, нацисты, 80 лет назад развязав самую кровопролитную войну? Или те же японские милитаристы, творившие именно в Китае самые ужасающие зверства и дичайшие преступления против человечности? Как видите, китайские культурные ценности не были какими-то особенными и далекими от реальной жизни и здравого смысла. И действительно, китайская культура и философия жизни чрезвычайно проста, притягательна и универсальна. Если в индийской культуре появился буддизм с его стержнем медитации и погружения во внутренний мир, иудаисты, христиане и мусульмане продвигали монотеизм с его главным постулатом о жизни после смерти, то в Китае не было ничего религиозного через призму перечисленных мировых религий – буддизма, иудаизма, христианства и ислама. Как точно заметил Киссинджер, китайцы никогда не придумывали мифов о происхождении мира, поскольку их Вселенная была создана китайцами, не имеет ни начала, ни конца. Китай вступил в новое время как империя, претендующая на всемирный характер ее культуры и политических институтов, но не делающая ничего по распространению своего представления о миропорядке. Китайцы даже отказались от традиции мореплавания, дабы не завоевывать заморские колонии как европейцы. Мощь китайской философии и культуры была настолько сильна, что когда европейцы пушками и крейсерами начали «открывать» Китай миру, то китайцы рассматривали это как очередное нападение варваров. Читатель может задать вопрос: а зачем такой затяжной экскурс? Ответ: мироощущение китайцев мало изменилось со времен Конфуция.

Наполеон 200 лет назад сказал: «Пусть Китай спит, ибо когда он проснется, мир будет потрясен». Не знаю, что имел в виду или предвидел Наполеон – глобализацию или резкий выход Китая из изоляции, но одно очевидно: Китай проснулся. За 40 последних лет Китай совершил гигантский скачок и превратился в промышленную мастерскую мира. Китайский экспорт растет в геометрической прогрессии. Крупнейшие финансовые корпорации Запада и Японии постоянно инвестируют в китайскую экономику, которая уже без пяти минут экономика номер один в мире. Повсюду говорят о «китайской угрозе», все ведущие эксперты твердят, что Китай стремится к мировой гегемонии, что идет сильное противостояние Китая с США и коллективным Западом за мировое лидерство. На наших глазах разворачивается торговая война США и Китая. Пока выигрывает Китай, ибо уже четверть века ежегодное положительное сальдо в торговле в пользу Китая (в несколько сот миллиардов долларов).

Какое место занимает Казахстан в планах Китая (если таковые имеются, конечно)? Неужели экспансия, как заявляют некоторые, особенно импульсивные казахстанские патриоты? Ведь экспансия – это политика распространения своего политического и экономического влияния на другие страны с целью захвата чужих территорий и рынков сбыта. Захватил, захватывает или собирается захватить Китай землю Казахстана? Ответ один: не было, нет и не будет такого никогда. Ни территорию Казахстана, ни какого-либо другого государства Китай никогда и ни при каких обстоятельствах захватывать не собирается. В противном случае Китай перестанет быть Китаем и перечеркнет всю свою уникальную историю и культуру. Более того, малейшая территориальная агрессия вызовет коллапс в самом Китае, население которого – это 56 национальностей, а исследователи насчитывают более 80 отдельных национальных языков и диалектов. Когда кто-то серьезно начинает утверждать, что Китай в перспективе собирается «оприходовать» Казахстан, то это такой бред, на обсуждение которого не надо тратить и двух секунд. Поэтому, когда недавно в некоторых городах Казахстана произошли антикитайские немногочисленные митинги, то посол Китая в Казахстане, забыв дипломатический этикет, воскликнул, обращаясь к митингующим: «Вы в своем уме?!» Я еще понимаю, когда синофобными предрассудками в этом вопросе страдают неграмотные люди, поверхностные и ограниченные, но когда бывший посол Казахстана в Китае говорит, что «население Китая огромно, а земли мало», что страны Центральной Азии могут потерять свою независимость, что Президенту Токаеву перед визитом в Китай надо открыто сказать своему народу, что китайская угроза для казахов существует, – то это за пределами моего понимания. 999 999 китайцев из одного миллиона переедут на ПМЖ в Сингапур, Филиппины, Ванкувер или Лос-Анджелес, но не в Казахстан. Для меня это очевидно, как закон всемирного тяготения. Да сейчас в одной Америке живут и работают свыше 20 млн китайцев.

Рассматривает ли Китай Казахстан как рынок сбыта? Сейчас Китай рассматривает весь мир как рынок сбыта, но есть приоритеты. Безусловная зона китайских интересов – это Вьетнам, Бангладеш, Лаос, Таиланд, Камбоджа, Индонезия, Филиппины, Бирма, африканские страны. Это при том, что рядом постоянно находятся мощные и динамично развивающиеся японская и южнокорейская экономики. Вообще для Китая тихоокеанский и южноазиатский регионы жизненно важные не только экономически, но и для долгосрочных политических интересов и будущего процветания. Была давняя тысячелетняя китайская традиция – предлагать льготы и мастерски использовать политическую арену, терпеливо добиваться от соседних народов признания его центральной роли, демонстрируя образ потрясающей величественности, чтобы потенциальным агрессорам не могла даже в голову закрасться мысль проверить Китай на военную прочность. В новейшее время Китай стал образцом в проведении «реал-политик», адептом стратегических доктрин, четко и коренным образом отличавшихся от стратегии и дипломатии Запада. Борьба за сферы влияния и рынки сбыта, территориальные споры и затяжные экономические кризисы привели к двум мировым войнам в Европе в XX веке. Германия и Франция погубили миллионы жизней за Эльзас и Лотарингию, а Китаю никогда не приходила мысль установить какой-либо контроль над Японским архипелагом или присоединить Корею. Многовековая, насыщенная событиями история учила китайское руководство тому, что не каждая проблема имеет свое быстрое решение и что чересчур большой упор на полное господство над каким-то отдельным событием может разрушить гармонию Джунго (так китайцы до сих пор называют свою страну – Срединное царство). Китайцы никогда не шли на риск. Там, где западные страны шли в стремительное наступление, для китайцев идеальной тактикой считалась искусная дипломатия, использование окольных путей и терпеливое накопление даже




маленьких преимуществ. Китай 99 лет терпеливо ждал и дождался возвращения Гонконга и Макао. Уверен, что со временем и Тайвань станет частью Китая не только де-юре, но и де-факто. Если для великого немецкого военного теоретика Карла Клаузевица «война являлась продолжением политики, но другими средствами», то Сунь Цзы считал доминирующей такую политическую и психологическую позицию, при которой результатом конфликта становится отказ от конфликта. Для западных политиков важны победы в сражениях, для китайцев важны победы, делающие сражения ненужными.

На втором месте я бы обозначил рынки США и Европейского союза. Здесь китайцам пытаются закрыть дверь, но они пролезают в форточку. Эти гигантские рынки с самым высоким уровнем покупательной способности населения вообще невозможно представить без китайской продукции. Что касается стран СНГ, то здесь ограниченный и сдержанный интерес ввиду отсутствия нужной инфраструктуры и человеческого капитала. Тем не менее Китай выступает здесь крупнейшим кредитором и инвестором. Долг Кыргызстана перед Пекином – 30% от ВВП, Таджикистана – 25%, Беларуси – 13%, Узбекистана и Казахстана – менее 5%. 6,7 млрд долларов задолжал Туркменистан. Конечно, есть опасения, что финансовая зависимость приведет к зависимости политической. Вашингтон постоянно предупреждает страны третьего мира, что их ждет долговое рабство от Китая. Часто приводят опыт Шри-Ланки. Правительству для погашения долгов перед Пекином пришлось на 99 лет передать Китаю недавно построенный на Индийском океане новый порт. Но это же в управление! Порт же не уплыл в направлении Южно-Китайского моря. Это не ирония. 20 лет назад китайцы занимались демонтажом крупнейших заводов в Западной Европе и кораблями перевозили заводское оборудование в морские порты Китая. Кстати, Казахстан, например, вложил 342 млн долларов прямых инвестиций в экономику Грузии и взял на 49 лет в аренду Батумский порт. Нам нужен выход к морю и, кроме северного пути (через Россию и Беларусь), нужен южнокавказский транспортный коридор с выходом в Турцию и в Европу.

В 2013 году Китай выдвинул грандиозную программу «Один пояс – один путь». Триллионы долларов будут выделены на строительство мостов, портов, железнодорожных и автомобильных дорог, трубопроводов и других инфраструктурных объектов от Тихого океана до Атлантики. Главная цель Китая – это не мировая гегемония, не экспансия ради экспансии, а создание инфраструктуры. Китайскую экономику так разогнали, что если ее остановить, то будет вселенская катастрофа, и начнется она прежде всего в самом Китае, когда десятки и сотни миллионов выйдут на площади и улицы. Китай закупает ежегодно свыше 200 млн тонн нефти, иначе экономика встанет. Китай вынужден строить дорогостоящий нефтепровод из Западного Казахстана в Западный Китай. Китаю нужна развитая инфраструктура в Африке, Азии, везде, где потенциально в будущем можно будет торговать. Китай и без этой грандиозной программы считался абсолютным мировым лидером по развитию промышленной инфраструктуры, перехватив инициативу у Америки, Европы и Японии, став основным поставщиком финансовых и материальных потоков. Весь Африканский континент на 20% от совокупного ВВП задолжал Китаю (свыше триллиона долларов). Америка и Запад крайне недовольны, но Китай не отягощает свое присутствие в Африке риторикой о правах человека и демократии, что создает дополнительную благосклонность со стороны политических элит стран континента. Население тоже довольно, так как строятся дороги, больницы, школы, электросети, маркеты для сбыта китайского ширпотреба. Но и про Европу Китай не забывает. КНР закрепляется в тех странах, которые переживают наиболее серьезные экономические и финансовые проблемы (Греция, Португалия, Италия). Недавно Госдеп США открыто предупредил Португалию, что нельзя китайцам отдавать под контроль крупнейшую энергетическую и авиакомпании, банк, страховую фирму. И как быть, если Маргарет Тэтчер назвала в свое время китайцев самыми предприимчивыми людьми на планете?! Как быть, если последние 15 лет Китай постоянно располагает половиной мировых запасов валюты?

В апреле нынешнего года Елбасы Нурсултан Назарбаев участвовал в крупнейшем форуме в Пекине «Один пояс – один путь». Договорились о реализации 55 проектов для Казахстана на сумму 27 млрд 608 млн долларов. На форуме Назарбаев сказал: *«Китай никогда не диктует свои условия, никогда не говорит: «Живите, как мы живем», как Запад учит нас всегда. Китай не говорит: «Мы будем вам помогать, а вы станьте, как мы», эта политика Китая нравится, притягивает»*. Понятна эта оценка в свете исторического экскурса и всего вышесказанного о специфике и исключительности Китая и его подходов. Что это за проекты? 1) Модернизация установки производства порошкового полипропилена; 2) производство легковых автомобилей бренда JAC методами крупноузловой сборки; 3) производство рисового масла; 4) сухой порт в Хоргосе; 5) производство сухого кобыльего и верблюжьего молока; 6) производство штапельного волокна; 7) реконструкция Шымкентского НПЗ; 8) развитие многопрофильного автосборочного кластера; 9) проект по строительству стекольного завода; 10) вхождение Шанхайской фондовой биржи и Фонда Шелкового пути в МФЦА; 11) производство цемента; 12) строительство солнечной электростанции; 13) организация производства тракторов; 14) производство стальных сварных труб большого диаметра; 15) производство полипропилена; 16) производство кальцированной соли; 17) строительство электростанции мощностью 60 МВт; 18) модернизация Тургусунской ГЭС-1; 19) строительство ветровой электростанции мощностью 100 МВт; 20) завод по производству промышленных взрывчатых веществ; 21) производство керамической продукции; 22) строительство солнечной электростанции; 23) строительство опреснительного завода пластовой воды; 24) строительство маслоэкстракционного завода; 25) выкуп доли в предприятиях по производству солнечных элементов; 26) производство мобильных буровых установок; 27) строительство ветряной электростанции мощностью 50 МВт; 28) переработка и производство изделий из натурального камня; 29) производство газовой сажи; 30) производство кабельной продукции; 31) горно-химико-металлургический комплекс в Жамбылской области; 32) промышленная разработка месторождения вольфрамовых руд; 33) производство комплексных сплавов.

Остальные проекты находятся еще на стадии подготовительной работы (завод электролитического марганца, переработка опасных нефтяных отходов, комплекс по переработке сельскохозяйственных культур, создание биохимического кластера, строительство ТЭЦ и другие).

Абсолютно во всех проектах иностранная рабочая сила в качестве менеджмента и 99% – местная рабочая сила. Создаются десятки тысяч рабочих мест, и вся продукция гарантировано имеет рынок сбыта – Китай.

По официальным данным, в настоящее время в Казахстане по квоте привлечения иностранной рабочей силы находятся 4 300 китайских специалистов. Квота на 2019 год составляет 23 000 человек. Если есть опасения в области экологии, то можно и нужно установить общественный контроль перед реализацией проекта, все должно быть предельно открыто. Но как можно требовать фактически прекратить сотрудничество с Китаем – сверхдержавой, которая 28 лет поддерживает самые дружеские и плодотворные двусторонние отношения с Казахстаном?! Как можно недружелюбно относиться к ядерной сверхдержаве, имеющей 1 700 км границы с Казахстаном и являющейся сегодня одним из мировых лидеров в цифровых технологиях, инновационной экономике (5G Big Data), искусственном интеллекте, облачных технологиях, суперкомпьютерах, роботизации?! Китай богатеет и остро нуждается в качественной и экологически чистой сельхозпродукции, и здесь для Казахстана непаханое поле. Уже давно реализуются совместные инвестиционные проекты в области переработки и экспорта пшеницы, сахара, молока, мяса, шерсти, льна, томата, рапсового масла и другой сельхозпродукции. Конечно, хотелось бы СП с Китаем в области роботизации или Интернета вещей, для этого и запускался «Болашак» и создавался Назарбаев Университет, но я уверен, что это дело ближайшего будущего. Кстати, во время официального визита Президента Токаева в Пекин казахстанской стороне будет передан суперкомпьютер для обработки больших данных, подписаны соглашения в IT-технологиях. У нас есть талантливая и креативная молодежь, а власть создает для их творческого развития и эвристического мышления все условия.

Без Казахстана невозможно осуществление проекта «Один пояс – один путь». Практически все транзитные сухопутные маршруты пролегают через Казахстан. Именно через нашу страну Китай быстро выходит на рынки СНГ, Европы и Ближнего Востока. С момента провозглашения независимости и установления дипломатических отношений между Китаем и Казахстаном все китайские лидеры всегда относились с большим уважением и искренним интересом к нашей стране. Всегда руководитель Китая цементировал дружбу между нашими странами и развивал взаимовыгодное торгово-экономическое сотрудничество. Вот и сейчас китайский руководитель Синь Цзиньпин пригласил нашего Президента Касым-Жомарта Токаева с официальным визитом в Китай, чтобы закрепить все ценное, что есть в наших отношениях, и вывести, если потребуется, эти двусторонние договоренности на новый качественный уровень. Китайская сторона всегда высоко отмечала историческую роль Первого Президента Казахстана – Елбасы Нурсултана Назарбаева в установлении всестороннего казахстанско-китайского партнерства. Примечательно, что второй Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев еще в середине 70-х годов прошлого века, окончив МГИМО, начал дипломатическую карьеру на работе в посольстве СССР в Пекине. Он свободно владеет китайским языком, является своего рода китаеведом. О специфике Китая и значимости этой сверхдержавы для нашей страны можно много найти интересного и содержательного в книгах Токаева «Под стягом независимости», «Преодоление: дипломатические очерки казахстанского министра», «Свет и тень: очерки казахстанского политика», «Внешняя политика Казахстана в условиях глобализации» и других. Казахстан с первых дней своего суверенитета взял твердый курс на многовекторную внешнюю политику, стараясь развивать сотрудничество со всеми центрами экономической силы и ключевыми геополитическими игроками. США и Европейский союз, например, опережают Китай по размерам инвестиций в экономику Казахстана, но не все измеряется инвестициями, кредитами и финансовой помощью. Казахстан не стремится быть крупным игроком на международной арене, но согласитесь, что это уникально и весомо, что наша страна находится в ОДКБ с Россией, в ШОС с Китаем, имеет стратегические партнерские отношения с США, Великобританией и Узбекистаном. Находясь между Россией, Китаем и мусульманским миром, Казахстан будет продолжать многовекторную внешнюю политику, признанную всем миром и ставшую достоянием мировой дипломатии.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Ойыл

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 1620 дана. Тапсырыс №1167
Көлемі 1 баспа табақ, индексі 65525

**«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды.
Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.
Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.**

# КҮЙДІРГІДЕН САҚТАНЫҢЫЗ!

**СІБІР ЖАРАСЫ (ТҮЙНЕМЕ) – ЗООНОЗ ТОБЫНДАҒЫ ЖЕДЕЛ ЖҰҚПАЛЫ АУРУ. ОЛ ДЕНЕ ҚЫЗУЫНЫҢ КӨТЕРІЛУІМЕН, ЛИМФА ЖҮЙЕСІНІҢ ЗАҚЫМДАЛУЫМЕН ЖӘНЕ АҒЗАНЫҢ АУЫР ТҮРДЕ УЛАНУЫМЕН СИПАТТАЛАДЫ.**

Инфекция көздері:

- Ірі қара және ұсақ мал, жылқы, есек, бұғы, түйе.

Сібір жарасы қоздырғышының таралу жолдары:

-Жүнмен, етпен, ауру жануарлардың терісімен байланыста болған кезде.

- Жануарлардың мәйіттерімен жанасуда,

- Науқас жануарларға күтім жасау кезінде,

- Ластанған материалдардан, мысалы, тері немесе жүннен жасалған өнімдерді пайдаланған кезде.

Аурудың түрлері:

- орофарингеальды
- тері (ең көп таралған түрі)
- пневмониялық
- ішек

Белгілері:

- Қышу және зақымданған жердің ашуы.

- Қоздырғыштың ену орнында қызыл дақ (бөртпе, сулы бөртпе, карбункул, жара) пайда болады. Инкубация кезеңінің ұзақтығы терілік формада бірнеше сағаттан 14 күнге дейін, сепсистік формада 6-8 күн. Адамда ауру 90-95% дейін терілік формада болады. Терілік форма 80% жағдайда жеңіл түрде, 20% ауыр түрде өтеді. Дер кезінде емделмеген немесе кеш емделген терілік түрде өлім 5% дейін жетеді. Ішектік формада ауру ауыр уланумен көрініс береді, үрдіс аз уақытта сепсиске ұласады. Өкпелік-ішектік формаларында өлім 80-100% дейін жетеді. Жергілікті қабыну процесі кезінде ағзаның жалпы улану белгілері болады. Әлсіздік, шаршағыштық, басының ауыруы, дене қызуы субфебрильдіден, 39-40?С дейін көтеріледі. Аурудың бастапқы кезеңіндегі айтылған белгілер байқалған жағдайда науқас немесе оның жақындары оны міндетті түрде ауруханаға жеткізіп медициналық көмекке жүгіну қажет. Дәрігерге дер кезінде қаралғанда және арнайы емдеу шараларын жүргізгенде дерттен толығымен жазылып кетуге болады.

Алдын алу шаралары:

- Жануарлармен жұмыс істеу кезінде санитарлық-гигиеналық ережелерді сақтау.

- Мал шаруашылығы өнімдерін пайдалану және сату кезінде. ветеринариялық –санитариялық сараптаманың болуы қажет. жұғу себептері-ветеринарлық куәләндірусіз малды союға қатысу және тамаққа ауру малдың етін пайдалану болып табылады.

- Кәсібіне байланысты күйдіргі ауруымен ауру қауіптілігі жоғары адамдар (ветеринарлық маман, мал сойып, терісін сыдырып, етін бөлшектейтіндер, ет сатушылар) күйдіргіге қарсы екпеден бас тартпаулары керек.

- Ауру жануарлармен немесе инфекциялық материалдармен байланыста болғандар 2 апта ішінде дәрігердің қарауында болуы қажет.

- Үй жануарларының иелері малдарды екпе алдырмауы – дерттің кең етек жайюына себепші болады. Сібір жарасына қарсы вакцина егілгеннен кейін 10 күн ішінде жануар өліп қалса, оның терісін сыдыруға болмайды.

Өлген малды терісімен бірге өртеу үшін қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып арнайы орындар – мал көметін жерлерге апарып өртеу қажет.

**Ойыл аудандық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасы**

# Ұзату

Ырыс -құтқа толтырып қазанымды,
Қыркүйек кеп, қыздырды
базарымды.
Уақыт - құда қолқалап
қоймаған соң,
Қимастықпен ұзаттық Жаз-Аруды.

Жаз - Арудан көрмеген
теріс қылық,
"Бәрі жақсы болар. .."-деп сеністі
жұрт.
Күз -жеңгейдің сандығы -
береке ғой,
Жасауын да жіберді келістіріп.

Дән -дақылдың, жемістің
есебі жоқ,
Дәм татқанның бақыты
бес елі боп...
Бірақ, тойды жыр қылар
үш ай айтып
Бұл жеңгейдің "өсегі" -нөсері көп!

"Сыңсу" айтып, сарғайтып
шат даланы,
Тамыз - сұлу тамылжып аттанады.
Күз - жеңгейді алтынға
малындырып,
Уақыт Жазды ұзатып ап барады.

Сары көйлек кигізіп бізге кілең,
Сап құрды да тырналар тізбегімен.
"Құстар әнін" шырқатып
аққу-қаз да,
"Құдалыққа" аттанды іздерінен.

Қош делік біз, осылай
жазған болса,
Жаз кетті деп Уақытқа
назданғанша,
Аман -түгел жүрейік, Қыс-көкемнің
Көктем-қызы бой жетіп,
Жаз болғанша!

**Балагүл БАКИЕВА.**

# ИНТЕРАКТИВТІ ЕДЕН



Украина мектептерінде интерактивті тақтамен қатар, заманауи еден төселуде. «Ақылды еден» сандық және проекциялық технологиялардың жиынтығы саналады. Интерактивті еден әзірге балаға да, ұстазға да ұнап тұр. Мұнда әр пәнді қамтитын 130-дан астам жаттығу жүктелген.

Ағылшын тілі, денсаулық сабағы, жол жүру ережесін оқушы ойнап отырып үйренеді. Бастауыш сынып оқушылары әлі де ойын баласы болғандықтан, партада күн ұзақ отырғаннан басқа сабақты ойын түрінде үйренсе, қабылдау қабілеті артады.

Еденге дамыту, білім бағдарламасынан бөлек секіртетін, сергітетін жаттығулар жүктелген.

Суреттерді түртіп көруге, тыңдауға болады. Бұл жаңалық ауыл мен аудандардағы оқу ордаларына әлі толық жетпеген. Интерактивтік құрылғының құны 100 мың гривен, шамамен 4 мың доллардан асады.

# Құттықтау

**Ойыл селосының тұрғыны
Орынша Аманбаева
Ардақты анамызды 67 жас
туған күнімен құттықтаймыз!**



Қиындыққа төзе білген шыдаған,
Елге сыйлы, ата-енеге ұнаған.
Құтты болсын 67 жасыңыз,
Жақсылық пен қуаныштан тасыңыз.
Ұрпақ өсіп, ойда тұрған үміт көп,
Шөберелер жүрсе дейміз күліп тек.
Ортамызда аман болып басыңыз,
Бәйтеректей жүріңізші биіктеп.
Құттықтаушылары: бала-келіні
Жетпісбай-Жанбота, немерелері Марина,
Камила, Қайнар, Иба.

# БІРЫҢҒАЙ ЖЕР САЛЫҒЫН ТӨЛЕУШІЛЕР НАЗАРЫНА!!!

Шаруа немесе фермер қожалықтары бірыңғай жер салығын, жер бетіндегі көздердің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақыны төлеу мынадай тәртіппен:

1) салықтық кезеңнің 1 қаңтарынан бастап 1 қазанына дейін есептелген сомаларды төлеу – ағымдағы салықтық кезеңнің 10 қарашасынан кешіктірілмейтін мерзімде;

2) салықтық кезеңнің 1 қазанынан бастап 31 желтоқсанына дейін есептелген сомаларды төлеу – есепті салықтық кезеңнен кейінгі салықтық кезеңнің 10 сәуірінен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізілу керектігін еске саламыз.

Бірыңғай жер салығын бюджетке төлеу жер учаскесі тұрған жер бойынша жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының Кодексі 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI ҚРЗ сәйкес әлеуметтік төлемдер – Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнама-сына сәйкес төленетін міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, «Мін-детті әлеуметтік сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес төленетін әлеуметтік аударымдар, «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасы-ның Заңына сәйкес төленетін міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар; төлем көзінен ұстап қалатын жеке табыс салығы әр айдың 25 – інен кешіктірілмей жүргізілуі тиіс.

ҚР Салық кодексінің 707 бабының 2 тармағына сәйкес Бірыңғай жер салығын төлеушілерге арналған декларация жер учаскесі тұрған жердегі салық органына есепті салықтық кезеңнен кейінгі салықтық кезеңнің 31 наурызынан кешіктірілмей ұсынылады.

**Ойыл ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы**

# АНА ТІЛЕГІ

*(Эссе)*

*(Соңы)*

**ҚАНАТБАЙ ЕЛЕУСІЗҰЛЫ**

Көбіне мен шешеммен оңаша сыбырласып сөйлесетінмін. Бірде «бізді біреу тыңдап тұрған жоқ қой неге әңгімеңді әр уақытта сыбырлап айтасың», десем: «Қайдам, бәрі жоқ деме бөрік астында, ауру жоқ деме ас астында, зорлық жоқ деме, залымның қолында, зорлық- зомбылықты көп көрген бізді қайтесің, біреулер естіп қалып саған кесірім тиіп кетпесін деп жатқаным ғой жарығым», дейтін. «Дүниедегі ең жаман нәрсе біреудің кесірінен нақақтан-нақақ күйіп кету, сондықтан еш уақытта кесіріңді ешкімге тигізбе? Адам болған адамның кесірі болады. Ал біреудің кесірінен аулақ жүр. Сондықтан ертеңгі келіп түсетін келінім кесірлі болмай, келісті болғай, осы әулеттің жанып тұрған шырағы болғай, деп күнде құдайдан тілеп жүрмін ғой. Келін түсіріп, сенен немере сүйсем деген арман ғой, Қонысжан. Сол арманға бізді тез жеткіз. Кім біліпті, әкең екеуміз де ауру-сырқаумыз, күннен-күнге жасарып келе жатқан жоқпыз . Құдайға шүкір, сенің үйлену тойыңа жұмсайтындай мал бар. Құда –құдағайларды елдің салт-дәстүрімен қайтара аламыз. Сен келінді институтты бітірген бойда ала кел, екі тойды бір жасап, мәре-сәре болып қалайық,- дейтін.

Сөйтіп жылдар жылжып өтіп жатты, күттірген 1975 жылдың, 7-ші шілдесі де келіп жетті. Дәл сол күні Шалқар қаласында, бір ағайынның шарбағында, ( қалада жеке үйіміз жоқ болатын) үйші ата Әйтөре басқан алты қанат киіз үйге Зинегүл келін болып түсті. Зинегүл бойшаң, толқынды қою қара шашты, жазық маңдайлы, жайлы мінезді қыз. Осындай қызды келін қылып түсірген әкем мен шешемнің төбелері көкке бір елі ғана жетпей қалды. Шалқыған шатты көңіл, әкемнен гөрі шешемде ес жоқ. Асып-сасып, етегіне сүрініп, не айтып, не қойып жүргенін білмейді. Әйтеуірі, бір шексіз қуаныш. Бүгін бұлардан бақытты жан жоқ.

Осылайша ұзақ күттірген келін ата-бабаларымыздың жөн-жоралғысымен, үлкендердің бата-тілектерімен ақжарыла шаңыраққа еніп, әкем мен шешемнің арманын орындады. Менің Зинегүл түскеннен кейінгі дәрежем киелі шаңырақтың толық мұрагері деген бағаға жетті.

Қоңырайып жатыр алда жол әлі-
кеудем кейде қоңыр күйге толады.
Қоңыр әнмен қазақ бесік тербетіп,
өргізіпті қоңыр-қоңыр баланы – деп қазақтың ғажайып ақыны Жұмакен Нәжімеденов жырлағандай алдағы белестеріме, таудай талабыма, мақсат-тілектеріме, көңіл төріндегі әлди үніме қиялым шарықтап, шартарапты кезіп, шарық ұрды.

Жас келінмен шешем тез тіл табысып кетті. Анам дала көңіл, көкірегінде иненің жасуындай да арамдық жоқ, аппақ, Зинегүл әзір жауап емес, үндемес, сөзге жауапты тауып айтады, жымияды да қояды, шымшыма әзілді, жайлы мінезді болды.

Бір күні екеуі шай ішіп отырып, әңгіменің қызған шағында анам, «Қонысжанға баяғыда оқып жүргенде, Қарабаланың қызын ала қой дедім ғой, ол мені тыңдады ма? Ойбой, сен одан артық болмасаң кем емессің, мен не айтып кеткенмін,» деп ұялғаннан әңгімесін басқа жаққа бұрып жіберіпті.

Зинегүл де бұндай сөздің ақысын жібермеген:

-Қап, ұлыңыздың Сізді тыңдамай мендей адамға тап болғаны қыйын болған екен,- деп енесін сөзбен шымшып алыпты....

Тағы бірде 1981 жылдың жазы болса керек, үйленгенімізге бес жылдың жүзі болып қалған, Шалқардағы жаңа үйді салып жатқан кезім. Әке мен шеше жаз айларында өзіміздің Көкжидедегі жайлауға шығып кететін. Жұмасына бір рет әкем, не шешем бізге сусын әкеліп, өздеріне де керекті ұсақ-түйектерді қаладан алып кететін. Шешем келесі бір қалаға келе жатқанында, салынып жатқан үйге соғайыншы,-деп атының басын бұрады ғой. Келсе үйде Зинегүл жүр екен. Үйді аралап, неше бөлме болады, біздің бөлмеміз қайсы, сендердікі қайсы, деп сұрақтың үстіне сұрақ қойып, риза болып, үйдің екі басында екі есік болғанына таңданып (оның біреуі терезеге қалдырылған орын екенін шешем қайдан білсін): «Зинегүл, мына үйде неше есік болады?» - депті. Енесінің сеңгіштігіне әбден бой үйретіп алған Зинегүл, не дер екен деп «үйдің екі басында екі есік болады» депті. Сонда менің анашым, «Бері кел, маған құлағыңды тос. Анау төр жақтағы есікті бекіттір. Мына есік бәрімізге жарайды, не керек екі есік, бәріміз бір есіктен-ақ кіріп шықпаймыз ба? Бұлардың тұқымы екі-үш қатыннан алған, күндердің-күнінде бөле болып жүрер»-депті қайран менің дала көңіл анашым. Маған бұл жайды Зинегүл айтып, мен ішім талғанша күлдім. Сонда менің анашым балаша бұртыйып, «сендерге сенім бар ма, ата дәстүрді жаңғыртамыз десеңдер, біздер де не шара бар сендерге қарсы тұратын?» дейтін.

Бірде қыстың кезі болатын, жұмыстан кеш келе жатсам, шешем шарбақта жүр екен. Мен кірген бойда, «Қонысжан тоқташы, ана сүйменнің даусын естіп тұрмысың?» «Иә, естіп тұрмын.» «Естісең, тап сол кешегі жоқ болып кеткен біздің сүйменнің даусы сияқты. Барып алып келейін бе?» «Т-у-у-у айдай болған анашым-ау, қайдағы жоқты айтып, қазір үйіне барып айтып жатсаң, жұрт естіп, мына Қонысбайдың шешесіне не болған деп күлер, одан да жүр үйге кірейік» - деп әзер көндірдім ғой шешемді.

Иә, бұл кешегі ала жіпті аттамаған заманның ұрпақтары, ұрлық- қарлық деген оларға өте жат қылық. Жарықтық, «ұрлап алғанша, сұрап алмай ма»-деп дала заңымен өмір сүрген анашым өзін-өзі жұбататын.

Бұл кешегі өткен замандағы аналардың көрген бейнеттерімен қатар қызықты әрекеттері де көп болмаса, аз болмайтын. Мен тек есімде қалғандарын ғана қағазға түсіріп отырмын.

Газеттен Асқар Сүлейменовтың анасы - Айтоты мен Әбіш Кекілбаевтың анасы Айсәуле туралы оқығаным бар: Екі кейуана: Айтоты Айсәулеге тіктеп қарап: «Сен өзі байға тиіп пе едің?» дегені сияқты менің аналарымның арасында да қызықты әңгімелер жетіп артылады.

Бірде «Айшуақтан» қайтқанға көңіл айта келген енем Зағимен шай ішіп отырып, әңгіменің шарықтаған шағында, Зағи енем; «Құдағай, жаңағы садақадағы қойдың етінің дәмін байқадың ба?»-деп сұрады. Шешем:

- Иә, байқадым, өте дәмді екен, шамасы ащылы жерді жайлаған мал сияқты, -деді.

- Дұрыс айтасың, тап сол мен әкелген қойдың еті, -деп Зағи енем етке ие бола салды. Сонда шешем:

-Бәсе, өте дәмді-ау, сенің қойыңның еті болса болар-деп екеуі бірін-бірі қоштап, мақұлдап, мәзмайрам болды. Иманды болғырлар! Ал, өздерінің сол үйде бас - аяғы бір сағат болғандарымен шаруалары жоқ. Бұл әңгімені тыңдап отырған мен күлкіге көміліп, екеуіне мына әңгімелеріңді менен басқа ешкім естімесін ұят болар-десем, екеуі бажырая қарап, жамыраса, біз нені бүлдіріппіз,- дейді. Ал келіп, күл... Жарықтық аналарым осындай болды.

Мені жұмысқа тұрғызған да, ақ жаулығын жайып, ақ батасын берген де анам болатын. Ол адамдармен тіл табысып сөйлескіш еді. Мен институтты бітіргесін бірден әскерге алынып, бір жылдан кейін елге оралғанмын. Жоғары білімді, әскер қатарындағы азаматтық борышымды өтеген, жинақы келген, қылшылдаған жас жігітпін. Алайда, маған Шалқар қаласынан жұмыс табыла қоймады. Маған ешкім қамқор болып, жол да сілтемеді, бөлендей ешкімге қажет те болмадым. Менің осылай бос жүгенiме анам марқұм арланды ма, әлде тума-туысқа көрсеткен қыры ма, қайдам, әйтеуір жұмысымды өзі бір сағатта шешті. Сөйтіп, аудандық оқу бөліміне әдіскер болып жұмысқа тұрдым. Қуанышта шек жоқ, жұмыстан келе сала, «Апа мені қалай жұмысқа тұрғыздың? Өксікбай Тілеубергенов деген бастық қабылдап, біраз ақыл кеңесін айтты»-дедім. «Иә, жақсы болған екен, құтты болсын! Өксікбай өзі қабылдап отыр деп пе едің? Оның әйелі Сүйініш менің қыз кезімдегі құрбым болатын. Менің бір ауыз сөзімді жерге тастамай, сені жұмысқа тұрғызған сол Сүйініштің пәрмені. Көз көрген қайда да керек. Кезі келгенде бәрін де білетін боласың, тыныш жүр. Жолға шықсаң жолдасыңды тауып шық деген бар. Кім көрінгенге сырыңды аша берме. Өткендегі бір шаруаға бір емес, екі рет қасыңа адам ерітіп бардың, жолың болмады. Үшінші рет өзің бардың іс бітті. Байқайсың ба, жолды, жолсыз адамдар болады. Сол қасыңа еріткен адамыңның жолы ауыр, ниеті де бұрыстау ма деп қалдым. Сондықтан қандай істе болмасын, қасыңа кімді ерітесің, кімге ересің, алды-артыңды бағымдап, әліптің артын бағып, жеті рет өлшеп, бір рет кескен дұрыс. Қызметіңді жақсы істе, адал бол, Құдай бақытыңды ашсын!»- деген ананың ақ батасы, шүкір, осы күнге жеткізді.

Анам мақал-мәтелдерді өте көп білетін, өкінішке қарай бәрін қағазға түсіріп алмаппын, тек есімде қалғандарын ғана хатқа түсіріп отырмын. Ол кісінің айтқан мақал-мәтелдерін осы уақытқа шейін басқа ешкімнен естімедім. Өзінің мырзалығынан ба екен: «Бәйбішенің жақсысы аузыңнан май ағызар, ер адамның жақсысы екі елді жарастырар», «Өзі жарымағанның сарқытын ішпе, негізі жаманмен сыр ашыспа», «Ердің өзіне қарама, сөзіне қара», «Кекшіл болма, көпшіл бол», «Сөйлесең-тақылдақ дер, сөйлемесең-ақымақ дер», «Дүз шаруа мұсылман емес», «Көшкен ауылдың бұқасын, қонған ауылдың тайыншасы үркітеді», «Жүргісі келмеген сиырдың сигісі келеді», «Еркек дүздің көркі, қатын үйдің көркі», «Аттылыға еремін деп, жаяудың шабы айрылыпты, қатынға еремін деп, қыздың таңы айрылыпты», «Дамбалдың есебі көйлектен», «Төгіп-төгіп берсең, толып-толып несібе келеді»-деп бес адамға бір қойдың етін толық асып беріп қарап отыратын. Сондай-ақ қызды ауылдарға қарата: «Ешкілі қой өреген, қызды ауыл өсекшіл»-деп әңгіменің қай жақтан шығатынын нұсқайтын. Немесе «Ешкіге ерген түйедей», «Түйе қартайса тайлағына ереді», «Ит алған аққуда не сын бар» деп кейбір ағаларды қағып қалатын. «Ұл ынтығып өлсін, қыз тұншығып өлсін», «Ер сөйлесе бет ашылады, қыз сөйлесе ет ашылады» деп арұятқа байланысты шектеуді сүйекке жеткізе айтып, жас келіндерге қарата «Сүйегім шығатын шын отау, жапырақ жайар өз үйім!», «Ішінен бала шықпай қатын кеңімейді» десе, ауыл кезбелеріне бағыттап «Орны жоқ жаманға есіктің алды төрмен тең», «Байғұстың күні боздаумен өтеді», «Ит боғынан қылшық шықпай қоймас» дейтін. Немерелері мен жиендерінің аналарына қарата «Қыздың баласы, балдан тәтті-ау анасы, ұлдың баласы қандай екен оның анасы»-деп айналып-толғанатын.

Енесінің мінезін әбден тоқып, қалыптасып алған Зинегүл, оңаша отырғанда әңгімелескісі келіп, сыбырлап қана «Әже, білесіз бе?» деген. Әжесі де сыбырлап, «нені»-депті?

Сонда Зинегүл әжесінің құлағына сыбырлап, «Қонысбайдың студент кезінде жүріп, алмай тастап кеткен әйелінен баласы бар, оны қайтеміз» депті. Анам жұлып алғандай :

-Ұл ма?-депті.

Зинегүл: -Ия ұл, аты Нұрлан, -деп соғып жіберген ғой.

Анам:

- Құдай-ай, обал болған екен, өздері қайда тұрады? Қонысжанға білдірмей, шалға айтып, бір жабағы сойып беріп жіберейік. Қарындары аш болмасын. Нәті ер бала ғой, ертең ол да үлкен жігіт болып, Мәдимен табысып, оған аға болар. Сөйтейік, Зинегүлжан, қамданайық,- деп ағынан жарылған ғой менің адамға сенгіш анашым. Бұны естіген мен, ене мен келіннің оңаша әңгімелескендеріне, керек жерінде бір-біріне әзіл-қалжың айтқандарына, олардың өзара түсіністікте болғандарына іштей риза болатынмын. Зинегүлге: «Байқа, әзілдеймін деп енеңді ренжітіп алып жүрме» десем: «Мәссаған, әжем екеуміздің сіздер білмейтін бұдан да басқа қызықтарымыз аз емес, бірақ бәрін айтпаймыз, абзалы білмегенің жақсы»- дейтін.

Сөйтіп, менің аяулы анашым Зинегүл келінін осылай қиялында елестетіп, ойында армандап, өмірде көріп, келін қолынан шай ішіп, әңгіме-сыр шертісіп, сырлас-қимас құрбысындай болып, он жылдай бірге тұрып, қан қысымының кенеттен қатты көтерілуінің салдарынан, комаға түсіп, үрейленген ұл-қыздарына ақырғы арыз-арманын айта алмай, тілге келместен фәнимен қоштасты.

Тілге келіп, даусыңды есту, тым болмаса көзіңді ашқанды көру балаларыңа арман болды. Өкінішке қарай, арман шіркін алдамшы екен, тіліңнің бар келгені «ж..аа…лл…-ғ…ыы…з» деген соңғы сөз болды. «Жалғыз» деген сөзді кімге бағыштадың екен? Ой, жалған дүние-ай «құлындарым» деген даусың, оттай жанған құшағың осылайша бізден алыстады. Нұрыңыз пейіштің төрінде шалқығай, анашым!

Иә, ананың ақ сүтін ақтау, ақ пейілді тілектерін орындау перзент үшін оңай іс емес. Өліде болсаң рухың сезер деп сонау 1969 жылдың шілде айының 15-ші жұлдызында түнгі ай сәулесі астында отырып, ақ жарыла тілеген тілектеріңді орындағандаймын, анашым! Биылғы жасыңның жүзге толатын жылындағы рухыңызбен сырласқан осы перзеттік толғанысымнан аруағыңыз бір аунап түсіп жатса, Аллаға ризашылығым шексіз. Рухың сезгей!

Әкем мен шешем мені өз отбасымыздың шаруасынан гөрі, кісі шаруасын істеуге көп баулитын. «Ешкімге зиянның тимесін, тек пайдаңды тигіз. Алғыс алған арымайды, қарғыс алған жарымайды. Сондықтан мұсылман баласы болғасын, тек жақсылық жасау керек, бұл шариғат бойынша үлкен сауап болады» деп отыратын. Сөйтіп мен аталарыма жағамын деп жүгендерін түйіндейтінмін, аналарыма жағамын деп келісін түйетінмін. Шешеме «бүгін ана әженің мәсісін, ана атаның ер-тұрманын, жүгенін түйіндеп бердім» деп мақтанатынмын.

Сонда анам «жақсылық қылсаң сөйлеме, ысырап болар қылғаның, жамандық жасасаң көрінбе, еске түсер қылғаның» дейтін. «Сені басқа біреу мақтасын, ал өзіңді-өзің мақтама. Ертең біреу естіп, Елеусіздің Қонысбайы мақтаншақ екен, маған кішкене қол ұшын беріп еді, соған әлдеқандай болып мақтанып жүр десе, қалай болады? Әрине, жақсы болмайды. Сондықтан үндеме, үндемеу үлкен күш, оған сенің шамаң жетсе» деп менің мінезіме байланысты сөзбен шымшып алатын, жақсылыққа баулыйтын. «Үндемеген үйдей бәледен құтылады, демекші ұрыс-жанжалдан аулақ жүр. Ешкімнің жүзін сындырма, адамды налытпа» деп айтудан жалықпайтын, жарықтық жүзі нұр, өмірі жыр анам менің.

**8. СӨНБЕГЕЙ ЖАҚҚАН ШЫРАҒЫҢ!**

Жаулығы шығар ананның
Төбеде жүзген ақша бұлт....

Иә, ертедегі қазақ әйелдері көрмегенді көрді, бейнетті белшесінен кешті, олардың көз алдарынан кешегі зұлматты-зобалаңды, қасіретті де, қайғылы жылдардың оқиғалары кетпейді. Соның салдары болса керек, анам марқұм дүниеде үргедектікпен өмір сүрді...

Заманның аумалы-төкпелі кезінде дүние есігін ашып, қыйын-қыстау өмір кешіп, «әріп білмей қалған оқымысты» арлы, жарқын шешеден туғаныма тәубе деймін. Сол әріп танымаған ана аялап өсіргеніне дән ризамын, таң-тамаша қаламын. Мен барлық аналарды көре жүріп, өз анамнан ана болудың ерен үлгісін көрдім. Анамның ерекше ерлігі сол, ата-ененің айтқанынан шықпай, құрсағынан шыққан перзенттерін басқа ағайынға бала қылып беруі, сөз жоқ, үлкенге құрметтілікті, ата дәстүрге адалдылықты көрсетеді. Ата-енесінің көзінше әйелдік мінез танытпауы, жүрегін суырғандай, шекелері торсықтай ұлдарын алып бара жатқанда қыңқ етпеуі, ірі адамилықты, шапағатты да, қайрымды ана екенін көрсетсе керек. Сондай-ақ, басқаның қасіретін қара басының қайғысындай қабылдайтын, қолында барын бөлісетін, бүгінгі барына шүкіршілік ететін, азға қанағат жасайтын, біреуге жақсылық жасаймын деп, басына бейнет тілеп жүретін кең пейілді ана еді. Осындай дархан жүректі анаға сәйкес келетін аналар некен-саяқ шығар.

Жарықтық, әкеңе зайыбтық міндетімді толық атқардым ба екен, деп өзінен-өзі сұрап отыратын. «Сұрасаң жауап орнына бетіңе тесіліп қарайды ғой», деп отағасысынан жанын жадыратар сөз дәметсе керек. Баяғының әкелері әйелі түгелі балаларын да айналып-толғанбайтын болған, менің әкем солардың қатарынан болатын.

Осындай да осындай, Ана көрген мен, «қазіргі замандағы оқыған, тоқыған, үлде мен бүлдеге бөленген әйелдер неге нағыз ана бола алмай жүр» деп ойлаймын. Не болған біздің ұлтқа, -деп өзіме-өзім сұрақ қоямын. Сұрақ көп. Жарытып жауап таппайсың.

Япырым-ау, әруақтарыңнан айналайын Домалақ-ана, Айшабибі, Сұлу, Бопай, Айғаным, Зере аналарымыздың ізі қайда кеткен-деп ойға қаласың.

Марқұм Мәтжан атамның өсиеті, Балым әжемнің арманы 1935 жылы әкем мен шешемнің қара шаңыраққа ие болу рәсімімен орындалған. Аллаға шүкір, немерелерінен шөбере, шөберелерінен шөбшектер, шөбшектерінен неменелер, жиендерінен жиеншарлар, жиеншарларынан дегеншарлар өсуде. Жұлдыздай ағып өткен Мәтжан атадан басталатын ұрпақ сабақтастығы әкенің белінен тараған ұлдарынан бастау алып, жапырақ жайып келеді. Шүкір Аллаға. Тәубе! Иә, менің өмірім мен санамда өшпес із қалдырған, бұл жалған дүниеден өтіп, о дүниелік болған өзімнің анам Алмажанға «сөнбегей ана шырағың, сен маздатқан ошақты, ұрпақтан -ұрпаққа жалғағай, мың бір атты бәледен, жүз бір атты жаладан Жаратушы Ием сақтағай, ғайып ерен, қырық шілтен жебегей» деп тілек тілегім келеді. Тәңірім тілегімді қабыл, мұратымды асыл қылғай! Иә, әжелерім Балым мен Балбө-пеге, нағашы әжем Меруетке, қайын енем Зағиға, сүйікті жеңгем Роза Әділбекқызына рухани қарыздармын. Бұлар нағыз аналар еді, тіпті теңдесі жоқ десем артық айтқандық болмас. Дүниеден өтіп кеткен аналарымның жатқан жерлері жайлы болып, имандары тасып, рухтары пейіштің төрінде шалқығай! Қанатбай (Қонысбай) деген ұлының еске алып, осы жазған жазбасын рухтарымен сезіп, күллі әулетімізді жебеп-желеп жүргей! Қазақ еліне Жаратушы Ием тыныштық беріп, ұлтымыздың ғұмыр керуенін мәңгілік қылғай!